

Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторларының, цифрлық қаржы активтері платформасы операторларының, цифрлық активтердің сауда платформасы операторларының, цифрлық қаржы активтері эмитенттерінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2026 жылғы 10 сәуірдегі № 36 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 13 сәуірде № 38404 тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.05.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 1-тармағы екінші бөлігінің 5) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторларының, цифрлық қаржы активтері платформасы операторларының, цифрлық активтердің сауда платформасы операторларының, цифрлық қаржы активтері эмитенттерінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері және цифрлық қаржы технологиялары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2026 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

2026 жылғы 12 шілдеге дейін Қағидалардың 3-тармағының қолданысы тоқтатыла тұрсын, осы тармақты тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданыста болады деп белгіленсін:

"3. Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторлары, цифрлық қаржы активтері платформасының операторлары, цифрлық активтердің сауда платформасының операторлары, цифрлық қаржы активтерінің эмитенттері (бұдан әрі – Субъектілер) электрондық цифрлық қолтаңбамен растау рәсімдерін сақтай отырып, ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы Ұлттық Банкке есептерді электрондық тәсілмен ұсынады."

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Т. Сулейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2026 жылғы 10 сәуірдегі
№ 36 Қаулымен
бекітілді

Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторларының, цифрлық қаржы активтері платформасы операторларының, цифрлық активтердің сауда платформасы операторларының, цифрлық қаржы активтері эмитенттерінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есептілікті ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторларының, цифрлық қаржы активтері платформасы операторларының, цифрлық активтердің сауда платформасы операторларының, цифрлық қаржы активтері эмитенттерінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Цифрлық активтер туралы заң) 4-бабының 1-тармағы екінші бөлігінің 5) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторларының, цифрлық қаржы активтері платформасы операторларының, цифрлық активтердің сауда платформасы операторларының, базалық активі ақша (стейблкоин) болып табылатын цифрлық қаржы активтері эмитенттерінің (бұдан әрі – цифрлық қаржы активтерінің эмитенттері) Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) есептілікті ұсыну нысандарын, кезеңділігі мен мерзімдерін қоса алғанда, оны ұсыну тәртібі айқындалады.

2. Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер Цифрлық активтер туралы заңда көрсетілген мағыналарда қолданылады.

Қағидалардың мақсаты үшін мынадай ұғымдар да пайдаланылады:

1) смарт-келісімшарт – цифрлық технологияларды қолдану арқылы белгілі бір мән-жайлар туындаған кезде тараптар алдын ала келіскен талаптардың автоматты түрде орындалуын көздейтін шарт;

2) цифрлық активтің смарт-келісімшартының мекенжайы – цифрлық активтің нақты смарт-келісімшартын көрсететін блокчейндегі бірегей сәйкестендіргіш.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың қолданысы 12.07.2026 дейін тоқтатыла тұрады және тоқтатыла тұру кезеңінде бұл тармақ осы қаулының 4-т. редакциясында қолданылады.

3. Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторлары, цифрлық қаржы активтері платформасының операторлары, цифрлық активтердің сауда платформасының операторлары, цифрлық қаржы активтерінің эмитенттері (бұдан әрі – Субъектілер) электрондық цифрлық қолтаңбамен растау рәсімдерін сақтай отырып, цифрлық жүйелерді пайдалану арқылы Ұлттық Банкке есептерді электрондық тәсілмен ұсынады.

4. Субъект басшысының немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адамның және орындаушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған есептілік электрондық форматта сақталады.

5. Субъектінің басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам есептіліктегі деректердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

2-тарау. Есептілікті ұсыну тәртібі

6. Есептілік Ұлттық Банкке ай сайын есепті айдың соңындағы жағдай бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне (қоса алғанда) дейін ұсынылады:

1) қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторлары жүргізген операциялар туралы есепті ұсынады;

2) цифрлық қаржы активтері платформасының операторы мынадай нысандар бойынша есептерді:

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында цифрлық қаржы активтерінің шығарылымы, айналысы және өтелуі туралы есепті;

Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында жүргізілген цифрлық қаржы активтерін сатып алу және сату операциялары туралы есепті;

Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында жүргізілген цифрлық қаржы активтерін айырбастау операциялары туралы есепті ұсынады;

3) цифрлық активтердің сауда платформасының операторы мынадай нысандар бойынша есептерді:

Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша цифрлық активтердің сауда платформасы операторының цифрлық платформасында жүргізілген цифрлық активтерді сатып алу және сату операциялары туралы есепті;

Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша цифрлық активтердің сауда платформасы операторының цифрлық платформасында жүргізілген цифрлық активтерді айырбастау операциялары туралы есепті ұсынады;

4) цифрлық қаржы активтерінің эмитенттері Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша базалық активі ақша (стейблкоин) болып табылатын цифрлық қаржы активтерінің шығарылымы, айналысы және өтелуі туралы есепті ұсынады.

7. Субъектілер тараптардың активтерді бір-біріне беру мәмілесінің міндеттемелері орындалған күні есептілікте операцияны көрсетеді.

8. Егер есептілікті ұсыну мерзімі жұмыс емес күні аяқталса, онда есепті ұсыну мерзімінің аяқталу күні одан кейінгі жұмыс күні болып есептеледі.

9. Қағидаларда көзделген есептердің кез келген нысаны бойынша деректер болмаған кезде есептіліктің бос нысандары ұсынылады.

Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторларының, цифрлық қаржы активтері платформасы операторларының, цифрлық активтердің сауда платформасы операторларының, цифрлық қаржы активтері эмитенттерінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есептілікті ұсыну қағидаларына 1-қосымша Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторлары жүргізген операциялар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ЕХС-1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейін, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

Кесте. Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторлары жүргізген операциялар туралы есеп

№	Клиент түрі	Клиенттің азаматтығы (тіркелген елі)	Клиенттің біліктілігі	Операция түрі	Операцияны жүргізу тәсілі	Нақты бөлімнің /өзіне-өзі қызмет көрсету пунктiнiң орналасқан жері	Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтің атауы	Операция сомасы, теңгемен	Операциялар саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Күні: 20__ жылғы "___" _____

Ескертпе: нысан "Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторлары жүргізген операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторлары жүргізген операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

"Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторлары жүргізген операциялар туралы есеп" (индексі ЕХС – 1, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторлары жүргізген операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптар айқындалады.

2. Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторлары Нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды.

3. Нысанда қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторының клиенттері жасаған қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді сатып алу және сату операциялары бойынша мәліметтер көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қол қояды.

2-тарау. 1-нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторы клиентінің түрі көрсетіледі:

"1" – жеке тұлғалар үшін;

"2" – цифрлық майнерлер үшін;

"3" – цифрлық активтердің шетелдік эмитенттері және цифрлық активтер қызметтерінің провайдерлері үшін;

"4" – Қазақстан Республикасының цифрлық активтері қызметтерінің провайдерлері үшін;

"5" – өзге де заңды тұлғалар үшін.

6. 3-бағанда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1-2016 ұлттық жіктеуішіне сәйкес жеке басын куәландыратын құжатқа (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе заңды тұлғаны тіркеу елін растайтын өзге құжатқа) сәйкес клиенттің азаматтығы елінің (заңды тұлғаны тіркеу елінің) екі әріптік коды көрсетіледі.

Азаматтығы жоқ адам үшін "0" көрсетіледі.

7. 4-бағанда клиенттің біліктілігі көрсетіледі:

"1" – цифрлық активтермен жұмыс істеу біліктілігі жеткілікті клиенттер үшін;

"2" – цифрлық активтермен жұмыс істеу біліктілігі жеткіліксіз клиенттер үшін.

8. 5-бағанда:

"1" – клиенттердің қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторынан цифрлық активтерді сатып алу операциялары бойынша;

"2" – клиенттердің қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторына цифрлық активтерді сату операциялары бойынша.

9. 6-бағанда цифрлық активтерді сатып алу тәсілі көрсетіледі:

"1" – өзіне-өзі қызмет көрсету пункттері арқылы қолма-қол сатып алу тәсілі үшін;

"2" – нақты бөлімше арқылы қолма-қол сатып алу тәсілі үшін;

"3" – қолма-қол ақшасыз тәсіл үшін.

10. 7-бағанда қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторының нақты бөлімшесінің және (немесе) өзіне-өзі қызмет көрсету пунктінің орналасқан жері көрсетіледі.

Қолма-қол ақшасыз тәсілмен жүргізілген операциялар үшін осы баған толтырылмайды.

11. 8-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекітетін қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторы арқылы айналым үшін рұқсат етілген цифрлық активтер тізбесінен клиент қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторынан сатқан және (немесе) сатып алған қамтамасыз етілмеген цифрлық активтің атауы көрсетіледі.

12. 9-бағанда клиенттің цифрлық активтерді сатып алу немесе сату сомасы теңгемен көрсетіледі.

13. 10-бағанда клиенттердің операцияларының саны көрсетіледі.

14. Операциялар болмаған жағдайда бос Нысан ұсынылады.

Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді айырбастау операторларының, цифрлық қаржы активтері платформасы операторларының, цифрлық активтердің сауда платформасы операторларының, цифрлық қаржы активтері эмитенттерінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есептілікті ұсыну қағидаларына 2-қосымша Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында цифрлық қаржы активтерінің шығарылымы, айналысы және өтелуі туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ЕХС-2

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: цифрлық қаржы активтері платформасының операторы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейін, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

Кесте. Цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында цифрлық қаржы активтерін шығару, айналысы және өтелуі туралы есеп

№	Цифрлық қаржы активінің атауы	Эмитенттің цифрлық қаржы активтерінің атының мекенжайы	Цифрлық қаржы активінің смарт-келісімшартының мекенжайы	Блокчейннің атауы	Цифрлық қаржы активінің түрі	Цифрлық қаржы активтерінің шығарылымының көлемі, теңгемін	Цифрлық қаржы активтерінің орналасуының көлемі, теңгемін	Цифрлық қаржы активтерінің сатып алынған көлемі, теңгемін	Өтелген цифрлық қаржы активтерінің көлемі, теңгемін	Цифрлық қаржы активінің тіркеу нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Күні: 20__ жылғы " __ " _____

Ескертпе: нысан "Цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында цифрлық қаржы активтерінің шығарылымы, айналысы және өтелуі

туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында цифрлық қаржы активтерінің шығарылымы, айналысы және өтелуі туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

"Цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында цифрлық қаржы активтерінің шығарылымы, айналысы және өтелуі туралы есеп" (индексі – ЕХС-2, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында цифрлық қаржы активтерінің шығарылымы, айналысы және өтелуі туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Цифрлық қаржы активтері платформасының операторы Нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды.

3. Нысанда цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында цифрлық қаржы активтерін шығару, айналысқа жіберу және өтеу бойынша мәліметтер көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда цифрлық қаржы активтерінің эмитенті шығарған цифрлық қаржы активінің атауы (бар болса) көрсетіледі.

6. 3-бағанда цифрлық қаржы активтері эмитентінің цифрлық қаржы активтерін шығару жүзеге асырылған цифрлық қаржы активтері әмиянының мекенжайы көрсетіледі.

7. 4-бағанда цифрлық қаржы активтерінің эмитенті шығарған цифрлық қаржы активінің смарт-келісімшартының мекенжайы көрсетіледі.

8. 5-бағанда цифрлық қаржы активтерін шығару үшін пайдаланылған блокчейннің толық атауы көрсетіледі.

9. 6-бағанда цифрлық қаржы активтерінің эмитенті шығарған цифрлық қаржы активінің түрі көрсетіледі:

"1" – базалық активі ақша (стейблкоин) болып табылатын цифрлық қаржы активі;

"2" – ақшаны қоспағанда, базалық активі қаржы құралдары (оның ішінде туынды бағалы қағаздарды, туынды қаржы құралдарын, басқа цифрлық қаржы активін қоса алғанда, бағалы қағаздар), қаржылық актив, мүліктік құқық (талап), тауарлар және (немесе) өзге де мүлік болатын цифрлық қаржы активі;

"3" – электрондық-цифрлық нысанда шығарылатын қаржы құралдары.

10. 7-бағанда цифрлық қаржы активтерінің эмитенті шығарған цифрлық қаржы активтері шығарылымының көлемі теңгемен көрсетіледі.

11. 8-бағанда цифрлық қаржы активтерінің эмитенті шығарған цифрлық қаржы активтерінің орналастырылған (клиенттер цифрлық қаржы активтерінің эмитентінен сатып алған) көлемі теңгемен көрсетіледі.

12. 9-бағанда клиенттерден цифрлық қаржы активтерінің эмитенті сатып алған цифрлық қаржы активтерінің көлемі теңгемен көрсетіледі.

13. 10-бағанда цифрлық қаржы активтерінің эмитенті өтеген цифрлық қаржы активтерінің көлемі теңгемен көрсетіледі.

14. 11-бағанда цифрлық қаржы активтері платформасының операторы берген цифрлық қаржы активінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

15. Операциялар болмаған жағдайда бос Нысан ұсынылады.

Қамтамасыз етілмеген цифрлық
активтерді айырбастау
операторларының, цифрлық
қаржы активтері платформасы
операторларының, цифрлық
активтердің сауда платформасы
операторларының, цифрлық
қаржы активтері эмитенттерінің
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкіне есептілікті
ұсыну қағидаларына
3-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: цифрлық қаржы активтері платформасы операторының
цифрлық платформасында жүргізілген цифрлық қаржы активтерін сатып алу және сату
операциялары туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ЕХС-3

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: цифрлық қаржы активтері платформасының операторы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) дейін (қоса алғанда), ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

Кесте. Цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында жүргізілген цифрлық қаржы активтерін сатып алу және сату операциялары туралы есеп

№	Сатып алушы-клиент типі	Сатып алушы-клиенттің азаматтығы (тіркелген елі)	Сатып алушы-клиенттің біліктілігі	Сатушы-клиент типі	Сатушы-клиенттің азаматтығы (тіркелген елі)	Сатушы-клиенттің біліктілігі	Цифрлық қаржы активінің тіркеу нөмірі	Операция сомасы, теңгемен	Операциялар саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Атауы _____

— Мекенжайы _____

— Телефоны _____

— Электрондық пошта мекенжайы _____

— Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

— тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы " __ " _____

Ескертпе: нысан "Цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында жүргізілген цифрлық қаржы активтерін сатып алу және сату операциялары туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында жүргізілген цифрлық қаржы активтерін сатып алу және сату

"Цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында жүргізілген цифрлық қаржы активтерін сатып алу және сату операциялары туралы есеп" (индексі – ЕХС-3, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында жүргізілген цифрлық қаржы активтерін сатып алу және сату операциялары туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Цифрлық қаржы активтері платформасының операторлары Нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды.

3. Нысанда цифрлық қаржы активтері платформасы операторының клиенттері жасаған цифрлық қаржы активтерін сатып алу және сату бойынша барлық операция көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда цифрлық қаржы активтерін сатып алушы болып табылатын цифрлық қаржы активтері платформасының операторы клиентінің типі көрсетіледі:

"1" – жеке тұлғалар үшін;

"2" – цифрлық майнерлер үшін;

"3" – цифрлық активтердің шетелдік эмитенттері және цифрлық активтер қызметтерінің провайдерлері үшін;

"4" – Қазақстан Республикасының цифрлық активтері қызметтерінің провайдерлері үшін;

"5" – өзге де заңды тұлғалар үшін.

6. 3-бағанда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1-2016 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес жеке басын куәландыратын құжатқа (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе заңды тұлғаны тіркеу елін растайтын өзге құжатқа) сәйкес цифрлық

қаржы активтері платформасы операторының цифрлық қаржы активтерін сатып алушы болып табылатын клиентінің азаматтығы елінің (заңды тұлғаны тіркеу елінің) екі әріптік коды көрсетіледі.

Азаматтығы жоқ адам үшін "0" көрсетіледі.

7. 4-бағанда цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық қаржы активтерін сатып алушы ретінде әрекет ететін клиентінің біліктілігі көрсетіледі:

"1" – цифрлық активтермен жұмыс істеу біліктілігі жеткілікті клиенттер үшін;

"2" – цифрлық активтермен жұмыс істеу біліктілігі жеткіліксіз клиенттер үшін.

8. 5-бағанда цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық қаржы активтерін сатып алушы ретінде әрекет ететін клиентінің типі көрсетіледі.

"1" – жеке тұлғалар үшін;

"2" – цифрлық майнерлер үшін;

"3" – цифрлық активтердің активтерінің шетелдік эмитенттері және цифрлық активтер қызметтерінің провайдерлері үшін;

"4" – Қазақстан Республикасының цифрлық активтері қызметтерінің провайдерлері үшін;

"5" – өзге де заңды тұлғалар үшін.

9. 6-бағанда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1-2016 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес жеке басын куәландыратын құжатқа (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе заңды тұлғаны тіркеу елін растайтын өзге құжатқа) сәйкес цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық қаржы активтерін сатушы болып табылатын клиентінің азаматтығы елінің (заңды тұлғаны тіркеу елінің) екі әріптік коды көрсетіледі.

Азаматтығы жоқ адам үшін "0" көрсетіледі.

10. 7-бағанда цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық қаржы активтерін сатушы ретінде әрекет ететін клиентінің біліктілігі көрсетіледі:

"1" – цифрлық активтермен жұмыс істеу біліктілігі жеткілікті клиенттер үшін;

"2" – цифрлық активтермен жұмыс істеу біліктілігі жеткіліксіз клиенттер үшін.

11. 8-бағанда цифрлық қаржы активтері платформасының операторы берген цифрлық қаржы активінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

12. 9-бағанда цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында жүргізілген цифрлық қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша операциялардың сомасы теңгемен көрсетіледі.

9-бағанда клиенттердің цифрлық қаржы активтерін және (немесе) ақшаны толықтыруға және шығаруға байланысты операциялары операция көлемін есептеу кезінде енгізілмейді.

13. 10-бағанда клиенттердің операцияларының саны көрсетіледі.

14. Операциялар болмаған жағдайда бос Нысан ұсынылады.

Қамтамасыз етілмеген
цифрлық активтерді айырбастау
операторларының, цифрлық
қаржы активтері платформасы
операторларының, цифрлық
активтердің сауда платформасы
операторларының, цифрлық
қаржы активтері эмитенттерінің
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкіне есептілікті
ұсыну қағидаларына
4-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: цифрлық қаржы активтері платформасы операторының
цифрлық платформасында жүргізілген цифрлық қаржы активтерін айырбастау
операциялары туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ЕХС-4
Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар
тобы: цифрлық қаржы активтері платформасының операторы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейін, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

Таблица. Цифрлық қаржы активтері платформасы операторының цифрлық платформасында жүргізілген цифрлық қаржы активтерін айырбастау операциялары туралы есеп

